ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

* ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ *

Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Абылай хан, 105. 63-кеңсе. e-mail: kazzhastar@mail.ru, тел.: +7 775 919 80 99

Тіркеу № 2/25 «26» ақпан 2020 ж.

Алматы қаласы
бойынша ішкі мемлекеттік
аудит департаментіне

«Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қоры, "Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жарияланған *(хабарландыру нөмірі: 3899095-1, лот нөмірі: 29774956-ГС31 Алматының талантты жастары арасында «Abaı oqýlary» қалалық жас ақындар конкурсын ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер)* лотының қорытынды хаттамасының шешімін төмендегі себептерге байланысты жарамсыз деп танып, қайта өткізуді немесе **тиісті критерийлер бойынша баллдарды қойып қайта бағалауды сұрайды.**

Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлері бойынша:

1. Жеңімпаз "Алматы қаласы бойынша "Жас Отан" Қоры" ҚҚ-ның тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) бойынша «6» балл қойылған. Алайда, жоғары балл алатындай егжей-тегжейлі іс-шараларда **қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шаралар көрсетілмеген.**
2. Жеңімпаз "Алматы қаласы бойынша "Жас Отан" Қоры" ҚҚ-ның Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер бағанында жоғары 2 балл қойылған. Алайда, 2018-жылға дейінгі мәліметтерді уақытылы ұсынбаған.
3. Жеңімпаз "Алматы қаласы бойынша "Жас Отан" Қоры" ҚҚ-ның Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір критерий ғана алынады) және жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі бағанында жоғары балл қойылған. Алайда, **растаушы құжаттары толық тіркелмеген.**
4. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "KBTU Endowment" ҚҚ-ның тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) **конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтымайды.**

Жалғасы келесі бетте

5. Сонымен қатар, қорытынды хаттамада өзге де ұйымдардың Шартты төмендеудің мөлшері, % бойынша тиісті жеңілдіктері берілмеген.

6. «Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қорының Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір критерий ғана алынады) бойынша «0» баға қойылған. Алайда, 2015 жылдан бергі жұмыс тәжірибесі бойынша тиісті балл қойылуы керек болған.

Төраға **Б .Бақыткелдіұлы**

Орын.: С. Дүйсенбаев
Тел.: +7 775 919 80 99

000007101